



АЙГАК

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyr "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jymalister odaqynyr Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy sylyqtarynyr, "Altyn júrek" sylyǵynyr iegeri



ШЫМКЕНТТИҢ ТУРИЗМІ НЕГЕ АҚСАП ТҰР?

Соңғы жылдары Шымкент қаласында туризм саласы айтарлықтай кенжелеп келеді. 2024 жылы «eQonaq» жүйесінің деректері бойынша, мұнда келген шетелдік туристер саны 39 887 адамды құрап, 2023 жылмен салыстырғанда шамамен 900 адамға азайды.



Бұл көрсеткіш қаланың туризм саласының дамуына қатысты үлкен цифрлар десек артық айтпағандығымыз. Сонымен қатар, Шымкенттің туризм рейтингіндегі орнын жоғалтуы да бұл саладағы проблемалар мен оның дамуына кедергі болатын факторларды айқындайды.

Ең әуелі туризм инфрақұрылымының жетіспеушілігі. Шымкент қаласының туризм саласындағы басты мәселелердің бірі — инфрақұрылымның толық жетілмегендігі. Алматы мен Астана сияқты ірі мегаполистермен салыстырғанда Шымкентте туристерге қызмет көрсететін инфрақұрылым өлі де кенжелеп келеді. Туризмді дамыту үшін көлік, қонақүйлер, музейлер, демалыс орындары мен туристік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі маңызды рөл атқарады. Шымкенттегі көлік байланыстары мен инфрақұрылымның заманауи талаптарға сәйкес болмауы да туризмге теріс әсер етеді.

Жарнама мен маркетингтің өлсіздігі. Үшінші мегаполисте туризм өлеуеті бар, бірақ оны жеткілікті дәрежеде насихаттау мен жарнамалау жоқтың қасы. Алматы мен Астана қалалары өздерінің туристік мүмкіндіктерін халықаралық деңгейде танытыруда үлкен жетістіктерге жетті, ал Шымкент арзан өрі тиімді маркетинг құралдарын қолдануда артта қалды. Бұл бағыттағы жұмыс өлі де жетілдірілуді қажет етеді. Туризмді дамытудың басты жолы — әлемдік деңгейде таныту, халықаралық туристік көрмелер мен форумдарға белсенді қатысу, қала мен оның ерекшеліктерін туристер арасында кеңінен насихаттау.

Шымкент — тарихи және мәдени жағынан бай қала. Қалада көптеген тарихи ескерткіштер, көне қалалардың орындары мен мәдени мұралар бар. Алайда, бұл тарихи байлықтың туристерді қызықтыру үшін жеткіліксіз екенін көруге бола-

ды. Қаладағы көрнекі орындар мен экспозициялар көбінесе белгілі бір бағыттарға ғана шоғырланған және жаңа мәдени шаралар мен іс-шаралар ұйымдастыру деңгейі төмен. Осы себепті, туристер үшін Шымкент қаласында ұзақ уақыт болу қызықты емес. Әлемдік туристік тәжірибеде мәдени фестивалдар мен үлкен халықаралық шаралар туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Шымкентте осындай іс-шаралардың аздығы туристердің санын төмендетіп отыр.

Шымшаһардың шетелдік туристер үшін тартымдылығы Алматы немесе Астана секілді ірі туристік хабтарға қарағанда өлсіз. Қала өзінің ерекше мәдениеті мен дәстүрлерін ұсынса да, халықаралық нарықта қаланың туристік орны өлі де қалыптасқан жоқ. Әсіресе, қаладағы ұшақ рейстерінің жиілігі мен халықаралық байланыстардың шектеулі болуы шетелдік туристердің келуін қиындатуда. Қалаға қатысты халықаралық ту-

ризм стратегиясының жоқтығы да оның төмендеуіне себеп болуда.

Сондай-ақ туризм саласына арналған кадрлар мен қызметкерлердің кәсіби деңгейінің төмендігі дамуға кедергі келтіруде. Туризм индустриясындағы мамандардың жетіспеушілігі мен қонақжайлық мәдениетінің төмендігі де туристердің қалаға деген қызығушылығын азайтады.

Климаты жанға жайлы болса да өзiрге экологиялық туризм толықтай игерілмеген. Шымкент маңында табиғат аясында демалу арқылы экотуризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жетіспейді. Туристердің табиғатпен байланысқа түсіп, қаладан тыс жерлерде демалуға мүмкіндігі болмағандықтан, олар бұл бағытта басқа аймақтарға бағытталуы өбден мүмкін. Алма-

ты облысындағы табиғат қорықтары мен экотуризмге негізделген бағыттардың жоғары дамуы да Шымкенттің осы саладағы өлсіздігін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибені ескеріп, Президент тапсырмасын жүзеге асыру үшін қала өкімдігі мен туризм саласындағы мамандар осы мәселелерді шешуге бағытталған кешенді шараларды шұғыл түрде қабылдауы қажет сияқты. Себебі туризм кез келген аймақтың жоғары кіріс көзі болып табылатын саласы. Олай болса, Шымкенттің туристік өлеуетін арттыру үшін жаңа туристік бағыттарды дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, халықаралық нарықта белсенді жұмыс жасау және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру бүгінгі күндегі кезек күттірмейтін мәселе.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

ҚАЗАҚСТАНДА ТАҒЫ БІР ҚҰЖАТ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТҚА АУЫСТЫРЫЛАДЫ

Қазақстанда тағы бір анықтама электрондық форматқа ауыстырылмақ. Тиісті бұйрық жобасын Денсаулық сақтау министрлігі жариялады.

Электронды еңбекке жарамсыздық парағы қағаз нұсқасы сияқты адамның уақытша еңбекке жарамсыз екенін растайды және оны жұмыстан уақытша босату мен еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақы алу құқығын қамтамасыз етеді. “Аурухана парағы мен уақытша еңбекке жарамсыздық анықтамасы аурулар, жарақаттар, уланулар және басқа да уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайларымен, санаторий-курорттық емдеу, науқас туысына күтім жасау қажеттілігі, карантин, стационарлық жағдайда протездеу, жүктілік және босанумен байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасының нәтижелері бойынша электрон құжат түрінде рәсімделеді”, – делінген құжат мәтінінде.

Анықтаманы қазақстандықтар, қандастар, сондай-ақ Қазақстан аумағында тұратын шетел азаматтары ала алады. “Мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қамтитын тұлғалардың жеке санаттарына және уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша, жүктілік пен босану бойынша жәрдемақы төлеу мақсатында уақытша еңбекке жарамсыздық парағы қағаз түрінде беріледі”, – делінген бұйрық жобасында.

Электронды еңбекке жарамсыздық парағын медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар ұйымдар рәсімдеп, бере алады.

АШМ: КАРТОП ҚОРЫ ІШКІ ҚАЖЕТТІЛІКТІ ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖЕТКІЛІКТІ

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктері елдегі картоп нарығындағы қалыптасқан ахуалға тұрақты түрде бақылау жүргізуде.

Көрші елдердің, әсіресе избекстан тарапынан сұраныстың артуына және экспорттық бағаның жоғары болуына байланысты биыл картоп экспорты 1,5 есеге, яғни 411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін өсті. Картопқа деген аса жоғары сұраныс ішкі нарыққа әсер еткені атап өтілді. Мәселен,



соңғы аптада экспортқа бағытталған өндірушілер арасында бағаның күрт өсуі (170 теңгеден 270 теңгеге дейін) тіркелді.

Осыған байланысты, ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында 2025 жылғы 18 қаңтарда өткен Сауда қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында картопты үшінші елдерге әкетуді 6 ай мерзімге шектеу туралы шешім қабылданды. Бұл шара ЕАЭО елдеріне қолданылмайды, алайда бұл бағыттағы экспортқа бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар қалыптасқан жағдайды ескере отырып, биылғы 16 қаңтарда экспортқа фитосанитариялық сертификаттар беру толығымен тоқтатылды.

Қабылданған шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге және нарыққа қатысушылар тарапынан алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеуге бағытталған.

Сондай-ақ Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органдары монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып, жағдайға күшейтілген қадағалау

жүргізеді және сауда қызметі мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда олар нарыққа қатысушыларға шұғыл ықпал ету шараларын қабылдайды.

ҚР АШМ деректері бойынша, бүгінгі таңда қолда бар қорлар 2025 жылғы ерте егін жинау науқанына дейін ішкі қажеттілікті толық жабу үшін жеткілікті. 19 қаңтардағы жағдай бойынша қорлар сауда желілеріндегі қорларды есепке алмағанда 850 мың тоннадан асады (картоп өсірушілер қауымдастығы бойынша 600 мың тонна, тұрақтандыру қорларындағы 68 мың тонна, жеке қосалқы және шағын шаруашылықтардағы жергөлелерде 200 мың тоннадан астам).

Еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігі картоп қорының жеткілікті екенін мәлімдеді, дегенмен базарларда картоптың бағасы неге шарықтап барады?

Соңғы онкүндікте картоп бағасы екі есеге артып, халықтың наразылығын тугызуда. Кейбір аймақтар жәрмеңке және әлеуметтік дүкендер арқылы бағаны ырықтандыруды қолға алған, дегенмен өлі шарықтаған баға өз орнына қайта түсер түрі жоқ.

Шолушы.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматыда «АБАІ ULTTYG МЕКТЕБІ» алғашқы ұлттық мектебінің құрылысы басталды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Жаңа білім ошағы Абай философиясына, оның ішінде «бес асыл» іс идеясына негізделеді. Оқу процесі қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқуға бағытталған. Ол үшін Алматыдағы Абай атындағы мектеп-интернатының әлеуеті толық көлемде қолданылады.

«Республикалық дарынды балаларға арналған Абай атындағы ар-

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «АБАІ ULTTYG МЕКТЕБІ» АШЫЛАДЫ

найы мектеп-интернатын модернизациялау отандық білім саласының дамуына жаңа серпін беріп, өскелең ұрпақ арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға үлес қосады. «АБАІ ULTTYG МЕКТЕБІ» заманауи білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті жастар үшін оқу-ағарту орталығына айналуы қажет. Ол Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасы мен Абайдың «Толық адам» іліміне сәйкес патриоттардың жаңа буынын қалыптастыруға, мем-

лекеттік басқарудың қазақстандық элитасын тәрбиелеуге бағытталған. Қазіргі уақытта біртұтас «АБАІ-Programme» бағдарламасы өзірленуде, онда қазақ тілін және бірнеше шет тілін тереңдетіп оқуға басымдық берілген», - деді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

Жаңа білім ошағының құрылысы былтыр қараша айында басталған еді. Жаңа ғимарат нысаны 900 оқушы орнына арналған. Оның инфрақұ-



рылымында мектеп-пансион, мұғалімдер үйі, кітапхана, спорт кешені, жылыжай аумақтары және тағы басқа құрылыс нысандары қарастырылған. Білім ұйымын 2026 жылы қолданысқа беру жоспарланған.

ШЕТЕЛДІК БАҚ ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІМІЗДІ ПАШ ЕТУДЕ

Қытайдың жетекші басылымдарының бірі «Sanlian Lifeweek Magazine» журналистері Қазақстанның ұлттық тағамдарына арналған арнайы шығарылым дайындауда. Олар Астана, Алматы мен Шымкент қалаларына ат басын бұрып, жергілікті қонақжайлылықпен және асханадағы ерекшеліктермен танысты.

Гастрономиялық саяхат Қытайдың түсірілім тобы үшін тек кәсіби экспедиция емес, сонымен қатар жаңашылдыққа толы болды. Оларды қазақ асүйінің байлығы мен алуан түрлігі, жергілікті тұрғындардың қонақжайлылығы тәнті етті. «Sanlian Lifeweek Magazine» өкілдері ұлттық мейрамханалар мен шығыс базарларын аралап, интерьерді, атмосфераны, қызмет көрсету деңгейін және тағамдарды бағалауға ерекше назар аударды.

«Маған бесбармақ, қымыз және дәстүрлі тарымен және сүтпен шай қатты ұнайды. Қазақстанға келудің бірнеше себебі болды. Біріншіден, арнайы шығарылымның тақырыбы — Қытай үшін визасыз елдердің асханасы. Екіншіден, Қазақстан — біздің достық қарым-қатынастағы көршіміз. Бірақ біз бұл елдің асханасымен толық таныс емеспіз. Қазақстанның дәстүрлері тартымды және біз шынымен қонаққа келуге тырыстық», — деп бөлісті «Sanlian Lifeweek Magazine» журналының тілшісі Ливей Ву.

Қытайдың түсірілім тобының сапары ұлттық мәдениетімізді шетелде насихаттауға және гастрономиялық туризм кеңінен танымал бола бастаған көрші елден туристерді тартуға әсерін тигізеді.

«Қазақстан өзінің ұлттық асхана дәстүрлерін жаңғыртып, бірегей дәмі бар тағамдарды ұнататындарға арналған жаңа тартымды орынға айналып отыр. Шетелдік БАҚ пен блогерлер біздің асханамызға үлкен қызығушылық танытып, елімізге сапарларды ұйымдастыруда жиі көмек сұрайды.

Гастрономиялық туризм — әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшыларды тоғыстыратын перспективалық бағыттардың бірі», — деп атап өтті Kazakh Tourism басшысы Қайрат Сәдуақасов.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ЖААДАН СУ ҚОЙМАСЫ МЕН КАНАЛДАР САЛЫНАДЫ



Су ресурстары және ирригация министрлігі Қызылорда облысына жааждан су қоймасы мен каналдар салуды жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, 2 су торабы мен 4 гидротехникалық құрылысқа реконструкция жасалады, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Бүгінгі таңда Қызылорда облысында жалпы ұзындығы 232 шақырымға жуық 5 каналда суды есепке алудың автоматтандырылған


жүйесін орната отырып, су жинау станцияларын реконструкциялау жобасы іске асырылып жатыр. Оған қоса, ұзындығы 2600 шақырымнан асатын 16 магистральдық және шаруашылықаралық арналарды автоматтандыру үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

Облыста су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша да жұмыс жалғасуда. Өткен жылы Қызылорда облысының шаруалары

су үнемдеу технологияларын енгізудің нәтижесінде 200 млн текше метрге жуық су үнемдеді.

«Көршілес елдермен екіжақты және үшжақты келіссөздер мен қабылданған шешімдердің нәтижесінде 2024 жылы Шардара су қоймасына 15 млрд текше метрден астам су келді. Оның 4,8 млрд текше метрі суару кезеңінде, ал 10,3 млрд текше метрі вегетацияаралық кезеңде жиналды. Қаратерек су бекеті арқылы Солтүстік Аралға 2,6 млрд текше метр су жіберілді. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2022 жылы Аралға бар болғаны 816 млн текше метр су жіберілген еді», — деді су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов аймақтың су шаруашылығы өкілдерімен кездесуде.

НЕЛІКТЕН ҚАЗАҚСТАНДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ҮШІН ТАДАЙДЫ?



Сапалы медициналық көмек Диагностика мен емдеудің заманауи технологиялары мен әдістері Дамыған аурухана инфрақұрылымы Жоғары білікті дәрігерлер Медициналық қызметтердің құны шет елдерге қарағанда төмен

2024 жылы УМС клиникаларының базасында 2000-нан астам шетелдік пациент емделді

Олар қымбат, жоғары технологиялық медициналық қызметтерді, хирургиялық араласуды, соның ішінде жүрек операцияларын, стоматологиялық көмекті, онкологияны емдеуді және буындарды протездеуді таңдайды

Бізге қай жақтан емделуге келеді?

Бұл Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Өзбекстан сияқты таяу шет елдер Сонымен қатар, Түркия, АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Аустралия елдерінен келеді

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМДАРЫ ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында еліміздің 9 өңірінде коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану және басқару бойынша мамандандырылған ұйымдар құрылды. Су ресурстары және ирригация министрлігінің аппарат жиналысында жааждан ашылған мекемелердің жұмысы қарастырылды.

Атап айтқанда, арнайы мекемелер Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Жетісу және Абай облыстарында жұмысын бастады. Осылайша, еліміздегі коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану және басқару бойынша мамандандырылған ұйымдардың жалпы саны 15-ке жетті.

Бүгінгі таңда Су ресурстары және ирригация министрлігі жааждан ашылған мамандандырылған ұйымдардың функцияларын, міндеттері мен өкілеттіктерін реттеу үшін нормативті-құқықтық базаны жетілдіру жұмысын жүргізуде.

«Әкімдіктер жааждан ашылған арнайы мекемелерге білікті мамандарды тарту мәселесін қарастыруы қажет. Ол үшін мамандардың еңбекақысын көтеру, баспанамен қамту және де тағы да басқа қолдау іс-шараларын енгізген жөн. Бұдан бөлек, мекемелерді арнайы техника және құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек», — деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

МЕКТЕПТЕР МЕН КОЛЛЕДЖДЕРДЕ QR-КОДТАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

2025 жылдың қаңтар айынан бастап мектептер мен колледждерде ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп «111» байланыс орталығына қолжетімділікті арттыру үшін арнайы QR-кодтар енгізілді. Бұл орталық отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауда құқықтық, ұйымдастырушылық және психологиялық көмек көрсетеді.

Енді «111» нөміріне қоңырау шалу мүмкіндігінен басқа, балалар мен олардың ата-аналары QR-кодтар арқылы сұрау жібере алады. Олар барлық білім беру ұйымдарында, балалар үшін қолжетімді орындарда, сондай-ақ автобус аялдамаларында орналасқан. Аталған жаңалық көмек алудың қолайлылығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

«Бұрын балалар байланыс орталығына тек телефон арқылы ғана хабарласа алатын, ал енді олардың QR-кодтар арқылы сұрау жіберу мүмкіндігі бар. Бұл қолдауға жүгіну процесін айтарлықтай жеңілдетеді, оны неғұрлым ыңғайлы және қолжетімді етеді. QR-кодтар қажетті ақпарат пен көмекті жылдам және анонимді алуға мүмкіндік береді, бұл балалардың сауалдары мен мәселелеріне жедел ден қоюға мүмкіндік береді», — деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша «111» байланыс орталығына балалардан 1000-ға жуық өтініш келіп түсті. Оларға анықтамалық ақпарат беріліп, психологиялық қолдау көрсетіліп, мемлекеттік органдармен ынтымақтастықта уақытылы көмек ұйымдастырылды.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың шілдесінде Мемлекет басшысы қабылдаған әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң аясында «111» байланыс орталығының қызметі бекітілген болатын.

ОНКОХИРУРГТЕР ЖАҢА ӘДІСПЕН КҮРДЕЛІ ОТАНЫ СӘТТІ ЖАСАДЫ

Шымкенттегі көпбейінді аурухананың онкологиялық орталығы дәрігерлері жаңа әдіспен кеңірдектің кеуде бөлігінің циркулярлы резекциясы операциясын сәтті орындады. Операция қатерлі ісікке шалдыққан 72 жастағы науқасқа жасалды. Науқасқа III дәрежелі кеңірдек стенозы және ауыр дәрежедегі тыныс алу жеткіліксіздігі диагнозы қойылып, шұғыл түрде операция жасалатын болды.

Операцияға дайындық барысында консилиум арқылы шешім қабылданып, жаңа әдіс тәжірибеге енгізу мақсатында шет елдерде біліктілігін арттырған мамандарының көмегімен күрделі ота жүзеге асырылды. Ота кезінде



дәрігерлер науқастың кеуде қуысын ашып, кеңірдектің зақымданған бөлігін алып тастап, жоғары тыныс алу жолдарын қалпына келтірді.

Операцияның табысты өтуі үшін анестезиологтар Данияр Жайын мен Бахтияр Абетаев, онкохирургтар Самат Исмаилов, Талап Ақпанбетов, және кардиохирург Нұрғиса Пернебаевтың кәсіби бірлескен жұмысы маңызды болды. Операциядан кейін науқас толығымен сауығып, қазіргі таңда үйіне шығарылды.

Бұл жетістік Шымкент қаласындағы онкологиялық орталықтың дәрігерлері мен медицина саласындағы жаңашылдықтарды енгізуге деген ынтықтасының нәтижесі болып табылады.

«БАСТАУ БИЗНЕС» ЖОБАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Шымкент қаласында 2024 жылы әлеуметтік қолдау мен еңбек нарығын дамыту бағытында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылып, бұл шаралардың нәтижесінде азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдар жасалуда. Алайда, бұл бағдарламалардың нақты тиімділігі мен оның тұрғындар өміріне әсері туралы сұрақтар жоқ емес. Шымкентке қоныс аударған қандастардың санының артуы айтарлықтай көңіл аударарлық жағдай. 2024 жылдың соңына дейін қандас мәртебесін алған 826 адам бұл бағыттағы жұмыстың бір нәтижесі деп саналады. Алайда, осы көрсеткішке сүйеніп, әлеуметтік жағдайдың айтарлықтай жақсарғаны туралы айту ерте. Қоныс аударғандардың арасында жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуына, тұрғын үй мен әлеуметтік қызметтердің жетіспеушілігіне байланысты көптеген мәселелер шешілмеген күйде қалып отыр. Бұл тұрғыда тек сандық көрсеткіштерді алға тарту жеткіліксіз болуы мүмкін.

«Бастау Бизнес» жобасының іске асуы туралы да бірқатар күмәндар туындайды. Жоба аясында 3 383 адам тіркеліп, 2 612-сі оқу процесін аяқтап, 1 032 адам өз кәсібін ашқан. Бұл жоба бойынша жоспардың 50,2%-ы орындалып, шағын және орта бизнестің дамуына елеулі үлес қосылды деп көрсетілген.

Алайда, 50% көрсеткіштің өзінде үлестірілген субсидиялар мен қаржылық қолдаулардың тиімді пайдаланылуы, кәсіпкерлердің нарықта тұрақтылығы және ұзақ мерзімді нәтижелер жөніндегі нақты деректердің болмауы жоба жетістігіне күмән келтіреді. Жекелеген азаматтардың кәсіп бастауына мүмкіндік бергенімен, жобаның жалпы тиімділігі мен оның ұзақ мерзімді нәтижелері әлі де тексерілуі тиіс.

Субсидияланатын жұмыс орындары тұрақты жұмыс орындарының көбеюі ме, әлде уақытша қолдау ма?

Субсидияланатын жұмыс орындарына қатысты да кейбір мәселелер байқалады. 1 166 азамат жолданғанымен, оның тек 5 377-і ғана жұмысқа орналасты, бұл көрсеткіштің 65,1%-ы құрайды. Бұл жұмыстар көбінесе қысқа мерзімді және субсидия арқылы ұйымдастырылған, сондықтан олардың тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді жұмыс орнына айналуы сұрақ туғызады. Жұмысқа орналасқан азаматтардың көпшілігі тұрақты жұмыс орындарына емес, уақытша жалақы төленетін жұмыс орындарына орналасқан болуы мүмкін, бұл өз кезегінде тұрақты жұмыс орындары мен кәсіпкерлікті дамыту бойынша негізгі мақсаттарға толық сәйкес келмеуі мүмкін.

Сондай-ақ, жеке сектордың үлесі 96%-ды құрайды деп көрсетілгенімен, жеке кө-

сіпорындардың экономикалық тұрақтылығы мен еңбек нарығындағы ықпалы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі бұл көрсеткіштің шынайылығына күмән тудырады. Көп жағдайда жеке сектор кәсіпкерлері тек субсидия мен қаржылық қолдауға сүйеніп жұмыс істейді, ал олардың әлеуметтік жауапкершілігі мен жұмысшыларға деген көзқарасы, көбінесе, еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік кепілдіктер бойынша стандарттарға сәйкес келмейді.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту: жұмысқа орналасу деңгейі қаншалықты тұрақты?

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасы аясында 670 адам оқуға жолданғанымен, оның тек 297-сі тұрақты жұмысқа орналасқан. Бұл көрсеткіштің 75,6%-ы жоғары болғанымен, жұмысқа орналасқан азаматтардың барлығы да ұзақ мерзімді және тұрақты жұмыс орындарына орналасқан деп айту қиын. Сонымен қатар, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламаларының тиімділігі тек оқытылған азаматтардың жұмысқа орналасу деңгейімен ғана емес, олардың кәсіби деңгейі мен еңбек нарығында сұранысқа ие болуымен де өлшенеді.

Шымкентте әлеуметтік қолдау мен еңбек нарығын дамытуға бағытталған жобалар мен бағдарламалардың тиімділігі мен нақты нәтижелері арасында белгілі бір алшақтық бар. Жобалар мен бағдарламалардың сандық көрсеткіштері жоғары болғанымен, олардың тұрақты және ұзақ мерзімді әлеуметтік әсері туралы нақты деректердің болмауы сын айтуға негіз бола алады. Сондықтан, бұл жобалардың шынайы нәтижелері мен олардың тұрғындар өміріндегі өзгерістерді бағалауда абай болу қажет.

Шымкент қаласының Еңбек мобильділігі орталығы мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында арнайы жұмыс орнын жабдықтау үшін жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау шарасын енгізді. Субсидия арнайы жұмыс орнына қажетті жабдықтарды сатып алу, монтаждау және орнату шығындарын өтеу үшін беріледі.

Жұмыс берушілерге қойылатын негізгі талаптар:

1. Арнайы жұмыс орындарының стандарттарға сәйкес болуы.
2. Мүгедектерді жұмысқа орналастырып, тұрақты жұмыс орны құрылған сәттен бастап олардың жұмыспен қамтылуын сақтау.
3. Жалақы бойынша берешектің болмауы.
4. Салықтар, алымдар және бюджетке өзге міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы.
5. Мүгедек азаматқа лауазымына сәйкес мөлшерде жалақы төлеуді қамтамасыз ету.

Толық ақпарат алу және өтінім беру үшін қалалық Еңбек мобильділігі орталығына хабарласуға болады.

Мекенжайы: Шымкент қаласы, Бәйтерек көшесі 89, 5-кабинет. Байланыс нөмірі: +7 701 604 0494

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАПАДЫ



2025 жылдың 16 қаңтарынан бастап тұрғын үй сертификаттарына өтінім қабылданады.

Тұрғын үй сертификаты – мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары аясында «2-10-20», «5-10-20» және «Наурыз» бағыттары бойынша тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық қарыздың бастапқы жарнасының бір бөлігін жабу үшін берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай көмегі.

Тұрғын үй сертификаты әлеуметтік көмек ретінде қарыз сомасының 10%-ы, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде қайтарымызсыз негізде беріледі. Өтінім берушінің және оның отбасындағы әрбір мүшенің соңғы 6 айдағы орташа табысы (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті төлемдерді қоспағанда) 143 307 теңгеден аспауы тиіс. Бұл мөлшер ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен (2025 жылы – 46 228 теңге) аспауы қажет.

Тұрғын үй сертификатын алушылар санаты:

1. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар.

2. Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.

3. Көмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған, 29 жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.

4. «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар.

5. Толық емес отбасылар.

6. Шымкент қаласының мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарының қызметкерлері.

Қажетті құжаттар тізімі:

1. Белгіленген үлгідегі өтініш.
2. Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің жеке куәлігі (құжаты).
3. Соңғы 6 айдағы еңбек және кәсіпкерлік қызметтен табысы туралы анықтама.
4. Жұмыс орнынан анықтама (халықтың әлеуметтік осал топтары үшін талап етілмейді).
5. Банктің өтініш берушіге бастапқы тұрғын үйді сатып алу үшін ипотекалық несие беруді мақұлдағандығы туралы хаты (құжатта қарыз сомасы, бастапқы жарнаның мөлшері және ай сайынғы төлемнің сомасы көрсетілуі тиіс).

Өтініштер <http://xn-k-jt-baaitod.kz/> интернет ресурсы арқылы қабылданады.

Әрбір азаматта электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет.



ТҮРКІСТАНДА ЖАҢА ОРТАЛЫҚТАР МЕН МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

Түркістан қаласында жаңа ғимараттар мен нысандар бой көтереді. Оның ішінде көпқабатты тұрғын үйлер, білім нысандары, бизнес орталықтары мен демалыс аймақтарының құрылысын жүргізу жоспарланған. Әр ғимарат сәулетшілердің мақұлдауынан кейін ғана салынуы тиіс. Бұл мәселені Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтың бақылауында. Сәулеттік жобалар талқыланды және мәжілісте 14 жаңа жоба таныстырылып, сәулетшілер мен жауапты басшылардың сараптауынан өтті.

Сәулеттік кеңеске жауапты басқарма басшылары, кәсіпкерлер мен инвесторлар және сәулет, құрылыс саласының өкілдері қатысты. Өңір басшысы әрбір жобаны терең зерделегеннен кейін ғана кеңес отырысына ұсыну керектігін айтты. Сондай-ақ құрылыс сапасын басты назарда ұстауды ескертті.

– Түркістан қаласында жаңа нысандардың салынуы жалғасады. Шаһарды туризмнің тартылыс нүктесіне айналдыруға мүмкіндік бар. Жаңа нысандар салу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бастамаларын қолдаймыз. Басталған іс аяқталуы тиіс. Ғимараттардың сәулетіне қатысты талаптар толық сақталуы тиіс. Көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына мән беру керек. Бізге әлеуметтік тұрғыда тиімді, елге қызмет ететін ірі жобалар қажет, – деді облыс әкімі.

Мәжілісте қаланың Мәдени-рухани орталығында құрылысы жүргізіліп жатқан жобалардың жұмыс барысы баяндалды. Құрылыс нысандарының сапасы мен сәулеті тұрақты бақылауда болады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА



Түркістан облысында азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру қатаң бақылауда. Өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын «Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның тұрақтандыру қоры үйлестіреді.

Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында жалпы 3500 тонна картоп, 2500 тонна сәбіз, 1700 тонна қырыққабат және 2200 тонна пияз бар. Ал көкөніс сақтау қоймасында 460 тонна картоп, 150 тонна сәбіз, 100 тонна пияз, 25 тонна қырыққабат, 200 тонна бакалеялық өнімдер, 62 мың дана жұмыртқа сақтаулы. Қоймада картоптың көлемі жеткілікті. Алаңдауға негіз жоқ.

Ішкі нарықта картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында базарлар, ірі сауда орындары мен әлеуметтік дүкен сөрелері және жәрмеңкелерде 100 теңгеден ұсынылып келеді.

Өңір тұрғындары төменде белгіленген мекенжайларда картопты 100 теңгеден сатып ала алады.

36 ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН ТІЗІМІ:

Түркістан қаласы бойынша:
Отырар м/а, №1/1 (2 дүкен)
Отырар м/а, №25
Отырар м/а, №13а
9-көше, №40/4
11-көше, №27/2

11-көше, №25/1
11-көше, №23/1
160-квартал, №151
160-квартал, №64
160-квартал, №44
Әл-Фараби көшесі, №184а
Ақ Орда көшесі, №46а
Мұсабекова көшесі, №25а
Ататүрік көшесі, №192/1
Сырдария м/а, №17/1
Алтынбекова көшесі, №2/2
С.Ерубаяев көшесі, №223Б/4
Т.Рысқұлов көшесі, №11
Жібек жолы даңғылы, №23а
Маңғытай мешіті
Есімхан даңғылы, №17/6
Н.Оңдасынов көшесі, №45а
1 м/а, №1Б
1 м/а, №16
2 м/а, №13
Кентау қаласы бойынша:
Ш.Уалиханов көшесі, №178
Төле би көшесі, №45
Т.Рысқұлов көшесі, №111
С.Сейфуллин көшесі, №93а
Абай көшесі, №3а
Әл-Фараби көшесі, №47
Б.Момышұлы көшесі, №79
Арыс қаласы бойынша:
Ақиық көшесі, №1
Майлықожа көшесі, №11
Қазыбек би көшесі, №39
Базарлар:
Қуаныш (Түркістан қаласы)
Алтын бұлақ (Түркістан қаласы)
Ірі сауда орындары:
Дастархан (Түркістан қаласы)
Бәйтерек (Түркістан қаласы)
Береке (Түркістан қаласы)
Сондай-ақ ірі сауда орындарындағы 64 әлеуметтік бұрышта бекітілген төмен бағада сатылып жатыр.

Түркістан облысында мақта нарығына экспорттық тәуелділікті жою, тоқыма-тігін саласын дамыту мақсатында «Мақта шаруашылығын дамытудың және мақта-тоқыма кластерін қолдаудың 2027 жылға дейінгі өңірлік жол картасы» бекітілген болатын. Жол картасына сәйкес, өңірде 9 мақта-тоқыма кластерін құру жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде 14 мың жұмыс орны ашылып, жыл сайын салық түсімі 26,2 млрд теңге құрайтын болады деп жоспарланған. Аталған жоспардың орындалу барысы облыс әкімдігінде арнайы талқыланды.

Өңір басшысы Нұралхан Көшеров мақта кластерін дамытудың маңызына тоқталып, жауаптыларға жұмысты жандандыруды тапсырды.

Мақта кластеріне қатысты жоспарды тағы да нақтылап, қарап шығыңыздар. Келісілген инвесторлармен байланысты үзбей, жобаларды жүзеге асыруға ықпал етіңіздер. Мақта кластерін дамыту көзделіп отырған аудан әкімдері мен жауапты басқарма басшылары жұмысты күшейтуі тиіс. Екіншіден, мақта алқаптарына су үнемдеу технологияларын енгізуде өңірде ашылған кәсіпорындар тартылуы қажет, – деген Нұралхан Көшеров мақта кластерін қалыптастыруға арналған жобалардың инфрақұрылымын тарту, ұйымдастыру жұмыстарын кешіктірген әкімдерге нақты міндеттер жүктелді.

Түркістан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Әлібек Паллов осы бағыттағы жұмыстарды баяндады. Сауран, Ордабасы, Шардара

МАҚТА ДАҚЫЛЫН 135 МЫҢ ГЕКТАРҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЖОСПАРЛАНУДА



аудандарында бір-бірден және Мақтаарал мен Жетісайда кәсіпорынан құру жоспарланған. «Туған» арнайы экономикалық аймағында «Түркістан мақта агроөнеркәсіп кешені» ЖШС-нің мақтаны терең өңдеу және дайын өнімді экспорттау көпсалалы нысанының құрылысы басталды. Жаңа қытай технологиясымен 1,2 мың гектарға мақта егілді. Технологияның тиімділігі – суды, энергияны, еңбек ресурстарын және минералды тыңайтқыштарды үнемдей отырып, гектарына 60 центнерден өнім алуға мүмкіндік берді.

2025 жылы облыс бойынша мақта дақылын 135 мың гектарға орналастыру жоспарланған. Оның ішінде: дәстүрлі тәсілмен – 85 мың гектар, жаңа технологиямен 50 мың гектарға мақта егілмек.

БИЫЛ ХАЛЫҚТЫ ШЕГІРТКЕ ШЫРЫЛДАТПАЙДЫ МА?

Түркістан облысында шегіртке мен ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы күрес күшейтілді. Аталған мәселе облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен апталық мәжілісте талқыланды. Жауапты басшыларға, аудан, қала әкімдеріне тиісті тапсырмалар беріліп, жұмысты ширату міндеті жүктелді. Химиялық өңдеу жұмыстарын бір күн де кешіктірмеу, жағдайды бақылауда ұстау, дәрі сапасын қадағалау, жұмысты сапалы атқару тапсырылды.

– Шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары мен фитосанитариялық іс-шараларын уақтылы әрі сапалы жүргізуді тапсырамын. Жұмысты реттеп, кемшілікке жол бермеу қажет. Техникалардың, мамандардың, жұмысшы топтардың дайындығын қазірден пысықтаңыздар. Ауа райын жіті бақылап, дәрілеу жұмыстарын кешіктірмей бастау керек. Атқарылып жатқан жұмыстар туралы күнделікті баяндап оты-

рыңыздар, – деді Нұралхан Көшеров.

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрбол Бекмұратовтың айтуынша, зерттеулер нәтижесінде Түркістан облысында 2025 жылы шегіртке зиянкесіне қарсы химиялық өңделетін жалпы 384 мың гектар аумақ анықталған.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан биыл облысқа 192,0 мың гектар аумақты өңдеуге қаржы қаралды. Бірақ, бұл шегірткеге қарсы күресуге толық мүмкіндік бермейді. Сондықтан жергілікті бюджет қаражаты есебінен шегірткені мерзімінде жою және облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында басқармалар мен резервтен қосымша қаржы қаралып, жал-

пы 372 мың гектар аумақта шегіртке зиянкесіне қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Химиялық күрес шараларына 205 жерүсті желдеткіш бүрікіш техникасын жұмылдыру көзделген.

Зерттеулер нәтижесінде облыстың негізгі 9 аудан, қаласындағы 56 ауыл округіне қарасты аумақтардан шегірткенің 2143 ошағы анықталды. Жалпы 65 аумақта жұмысшы топ айқындалды. Шегірткеге қарсы күрес жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру шараларын тиімді жүргізу мақсатында 4 жедел штаб орны белгіленді.

Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әлібек Палловтың мәлімдеуінше, биыл облыстық бюджеттен саяқ шегірткелермен күреске тиісті қаржы бөлініп, 50 мың гектар алқапқа химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Шегірткеге қарсы күрес барысы облыс әкімінің қатаң бақылауына алынған.

КАРТОП ЭКСПОРТЫНА ҚОЙЫЛҒАН ШЕКТЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЕКАРА БЕКЕТТЕРІНДЕ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында, 2025 жылғы 18 қаңтарда өткен Сауда қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында картопты үшінші елдерге әкетуді 6 ай мерзімге шектеу туралы шешім қабылданды.

Осыған орай, Түркістан облысының барлық кеден бекеттеріндегі карантин инспекторларына және аудандық инспекция қызметкерлеріне картоп экспортына енгізілген шектеулер ескертіліп, бақылау күшейтілді. Сонымен қатар картоп экспортына енгізілген шектеулер жөнінде Мемлекеттік кірістер департаментінің шекара қызметіне және «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның жергілікті бөлімшелеріне хабарланды.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасымен өңірде штаб құрылып, шекара аймақтары бақылауға алынды. Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков Сарыағаш теміржол станциясында ведомствоаралық мәжіліс өткізіп,

штаб міндеттерін белгіледі. «Қазығұрт» кеден бекетінде шекарашылармен кездесіп, қадамдық жоспармен таныстырды.

Жалпы өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Түркістан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Тұрақтандыру қорында 4 309 тонна картоп өнімімен форвартық келісімшарт жасалған.

19 қаңтардағы жағдай бойынша тұрақтандыру қорының қоймасында 110 тонна, шаруа қожалықтарының қоймасында 3 541 тонна картоп сақтаулы. Бұл қор 3 айға қажеттілікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ҚР Сауда және интеграция министрлігіне Пәкістан Республикасынан тасымалдауға ерте пісетін картоп өніміне ақпан айынан бастап ар айға 500 тоннадан (4 айға 2000 тн) өтінім берілген.

Биылғы болжам бойынша өңірімізде ерте пісетін картоп (мамыр, маусым, шілде) 6 844,4 га орналастырылып, одан 186,3 мың тонна өнім жинау жоспарланған. Бұл өз кезегінде мамыр айынан бастап өңір тұрғындары мен басқа облыс халқын ерте пісетін картоппен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

23 БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2027 жылға дейін балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту мақсатында балаларды сауықтыруға арналған 50 орталық және одан бөлек 100 қосымша білім беру нысаны салынады. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Биыл өңірлерде 23 балаларды сауықтыру орталығын ашу және қосымша білім беру үшін 22 заманауи нысан салу жоспарлануда.

Қазіргі таңда қосымша білім берумен 3,3 миллион бала қамтылған. Осы бағытта ғылыми-техникалық, музыка-

лық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық бағыттар бойынша мектептен тыс 1 713 ұйым және 380 үйірме жұмыс істейді. Елімізде барлығы 202-ден астам балаларды сауықтыру орталығы бар, оның 17-сі жыл бойы, 185-і маусымдық негізде жұмыс істейді.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға ерек-

ше назар аударылып келеді. Алғаш рет девиантты мінез-құлқы бар 10 мың балаға үйірмелер мен секцияларға проактивті форматта бірінші кезектілік басымдығымен тіркелу мүмкіндігі берілді.

Айта кетейік, жаңа нысандардың құрылысы өнер және шығармашылық саласында білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға баса назар аудара отырып, кезек-кезеңімен жүргізіледі. Бұл бастамалар оқушылар мен жас таланттардың тұлғалық дамуына жағдай жасайды.

Тегін техникалық және кәсіптік білім берумен қамтамасыз ету: 2025 жылы еліміздің колледждерінде мемлекеттік тапсырыс 153 мың орынға дейін артады

КОЛЛЕДЖДЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС 153 МЫҢ ОРЫНҒА ДЕЙІН АРТАДЫ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі тоғызыншы сынып түлектері үшін сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін білім алуға жағдай жасауда. Биыл сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім беру бойынша тегін оқумен қамтылатын студенттер саны 153 мыңды құрайды, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 10 мың орынға артты, деп хабарлайды министрліктің баспасөз қызметі.

Мемлекеттік тапсырыстың 70%-ы техникалық мамандықтарға, оның ішінде машина жасау, көлік, энергетика, IT, құрылыс және басқа да салаларға бағытталатын болады.

«Негізгі басымдық – бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, білім беру мекемелерін заманауи материалдық-техникалық базамен толық қамтамасыз ету, педагогтердың біліктілігін арттыру. Қазіргі таңда кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін трансформациялау бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде, бұл мемлекеттік тапсырыстың көлемін ұлғайтуды, білім беру

бағдарламаларына үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуді, кәсіби шеберлік чемпионаттарын өткізуді қамтиды. Сондай-ақ, кәсіпорындар үшін дуальді оқыту жүйесін дамыту және мамандарды даярлау мақсатында бизнес құрылымдары мен инвесторларды тарту жоспарлануда», – деп атап өтті Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Әсет Мұханбетов.

Қазіргі уақытта колледждерге 518 кәсіпорын қамқорлық көрсетеді, олардың санын 4 мыңға жеткізу жоспарлануда. Сонымен қатар жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіптік стандарттар мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және WorldSkills стандарттарының талаптарын ескере отырып, 8 мыңға жуық білім беру бағдарламасы әзірленді. Биыл колледждер мен жұмыс берушілер 2 мыңнан астам білім беру бағдарламасын әзірлейді және өндірістік базада 2 мың педагог тағылымдамадан өтеді.

12 МИЛЛИОН 400 МЫҢ ТҮРҒЫН ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

2025 жылы мемлекет 7 елді мекенді газдандыруға арналған 45 жобаны іске асыру үшін 65,9 млрд теңге бөлді.

Аталған жобаларды іске асыру елді газдандыру деңгейін 62%-ға дейін арттырады немесе 12,4 млн-нан астам адам газға қол жеткізеді.

«Финская-120» автоматтандырылған газ реттеу станциясын және магистральдық газ бұру құбырын салу Атырау облысындағы ірі жобалардың бірі болып табылады. Бұл жобаны іске асыру Атырау қаласының еуропалық бөлігін қажетті газ көлемімен қамтамасыз ету үшін газ құбырының өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді, бұл өңірдегі өнеркәсіпті дамытуға үлкен серпін береді.

Табиғи газ экологиялық жағдайды жақсартады

Табиғи газды пайдалану көмірқышқыл газы шығарындыларының төмен деңгейіне, зиянды қоспалардың болмауына және көмір мен мазутпен салыстырғанда жоғары энергетикалық тиімділікке байланысты экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Халықты табиғи газбен қамтамасыз ету кезіндегі әлеуметтік жауапкершілік



Мемлекет басшысының «әлеуметтік әмиян» тетігін енгізу жөніндегі тапсырмасы шеңберінде 2024 жылғы желтоқсанда Үкімет Батыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласында халықтың әлеуметтік осал топтарына тауарлық газға (24% дейін) жеңілдік түрінде атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін ұсыну бойынша пилоттық жобаны іске қосты, осылайша 6000-нан астам адамды қамтыды. Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша аталған тегік бүкіл ел бойынша енгізілетін болады.

2025 жылы «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталады

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, ұзындығы 302 км «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысы жалғасуда, бұл 124 мың адамды қамтитын Жетісу облысының 66 елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Құрылыс графиктен оза отырып жүргізіліп жатыр.

Қашаған кен орнында


қуаты жылына 1 млрд м3 МӨЗ салу жұмыстары жалғасып жатыр

Жоба шикі газды қайта өңдеудің ұлттық бағдарламасы шеңберінде іске асырылуда, бұл Қашаған кен орнынан мұнай өндіруді тәулігіне

25 мың баррельге ұлғайтуға және ішкі тұтыну үшін тауарлық газ көлемін жылына 700 млн м3 ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қашаған кен орнының шикізат базасында жылына 700 мың тоннаға дейінгі көлемде сұйытылған мұнай газын өндіру жөніндегі технологиялық кешеннің құрылысы басталды

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ҚР Үкіметі мен Қашаған кен орнының акционерлері арасында жылына 700 мың тоннаға дейінгі көлемде сұйытылған мұнай газын өндіру



жөніндегі кешен салу туралы стратегиялық келісімге қол жеткізілді.

2026 жылдан бастап сұйытылған мұнай газының қосымша көлемі халықты автогазбен қамтамасыз етеді және өңірде мұнай-газ химиясын дамытуға мүмкіндік береді.

1000 АУЫЛ МЕКТЕБІ «АУЫЛ МЕКТЕБІ - САПА АЛАҢЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫНА ҚОСЫЛАДЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру бойынша жүзге жуық жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда елімізде

«Ауыл мектебі – сапа алаңы» республикалық жобасы іске асырылуда, оның ішінде Ақтөбе облысында «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып шағын жинақталған ауылдық мектептердің әлеуетін дамыту», Алматы облысында «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша білім беру сапасын арттыру», Маңғыстау облысында «Отпан» тірек мектептерінің желісін дамыту», Ұлытау облысында «Ustaz Ulytau» сияқты өңірлік бастамалар қамтылған, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Жобаны іске асырудың бірінші кезеңінің нәтижесінде мектептердің материалдық-техникалық базасы жаңартылды, заманауи пәндік және цифрлық кабинеттермен жабдықталды, сондай-ақ, жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету шешілді. Жобаға қатысушылар цифрлық құзыреттілікті арттыру және кәсіби дамытуға бағытталған арнайы курстардан өтті. Шағын жинақты мектептердің техникалық мүмкіндіктеріне қарай, оқытудың 4 моделі әзірленді.

«2023 жылы жобаға Ақтөбе облысындағы 12 тірек және 134 шағын жинақты мектеп, 11 мыңнан астам білім алушы мен 3,5 мыңға жуық педагог қатысты. Ал, оның алдында Ақмола, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының тағы 10 тірек және 30 шағын жинақталған мектептері қосылды. Осы жылдан бастап жобаға 192 тірек және 759 шағын жинақты мектеп қатысады», – деді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

Бүгінде Қазақстанда 8 мың мектеп бар, оның 67%-ы ауыл мектептері, 51%-ы шағын жинақты мектептер. Шағын жинақты мектептердің ең көп саны Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарына тиесілі.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ГАЗДАНДЫРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕР

65,9 млрд теңге елді мекендерді газдандыру бойынша 45 жобаға бағытталады

Жобаларды іске асыру газдандыру деңгейін

62% -ға немесе 12,4 млн-нан астам адамға дейін арттырады

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ

ХАБАРЛАМА

“СПМК-4” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама, Шымкент қ., Қазақстан.

